

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 92 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 23 қараша N 92а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 92 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

"Бюджеттік кіші бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтағы кестеде:

5-баған "жабдықтарды жеткізіп беруді" деген сөздерден кейін "және жабдықтарды орнатуға арналған үй-жайларды қайта жабдықтауды" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтағы кестеде:

5 - бағанда:

"70" деген сан "210" деген санмен ауыстырылсын;

"59 бірлік" деген сөздер "154 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

"лицензиялармен бағдарламалық қамтамасыз ету - 8 бірлік" деген сөздер "қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді (Астана қаласы бойынша ҚСЖАО базасындағы алғашқы жоба) әзірлеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі